

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№35 (462)
21 ТАМЫЗ,
ЖҰМА,
2015 ЖЫЛ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

Аудан тынысы

ЖАСТАР МЕРЕКЕСІ ШЕҢБЕРІНДЕ

Халықаралық жастар күні мерекесі ауданның орталығында салтанатты шаралармен қызықты өткізілді. Салтанатты бағдарламаны Жастар ресурстық орталығы басшылыққа алды. Орталық саябақта «Табиғатты сақта!» акциясымен экологиялық тазалық өткізіліп, тұрғындардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін қалыптастыру мақсаты көзделді. Бұл акцияға мемлекеттік қызметкерлер, жастар ұйымының және жалпыбілім беру мекемелерінің азаматтары қатысты.



«Жастар» спорттық клубында Ашық есік ұйымдастырылып, фитнеспен қызығушылық танытқандар тегін айналысып, риза болысты. Спорт – өзін – өзі дамыту мен шынықтырудың кілті. Спортты жанына медеу тұтқан әрбір жанның дені сау, санасы мықты болары да анық. Сонымен қатар Аршалы кентіндегі Жастар орталығында бос орын жәрмеңкесі ұйымдастырылды. «Лайықты жұмыс – ертеңгі күннің сенімділігі!» тақырыбын қамтыды. Жәрмеңкені ұйымдастырудағы мақсат – жастардың жұмысқа

барлығы да кадрлық әңгімелесуден өтіп, заңгерлік кеңес ала алды. «Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас маманы осы бағытта жақсы кеңес берді. 12 адам болды, олардың екеуі қоғамдық жұмысқа тартылып, үш адам жастар тәжірибесінен өтулеріне бағытталды, бес адам кеңес алып, қанағаттанды. Барлығы да қажетті ақпарат алып, буклеттерге ие болды. Ауданның орталық саябағында «Жас таланттар аллеясы» ұйымдастырылды. Оған Балалар шығармашылығы

екендігін байқап, барынша қажетті екендігін сезіну еді.

Мереке барысында «Жастар арбаты» шарасы да қызу бастама алды. Аршалы кентінің әкімі Қайрат Шалов құттықтау сөзі жалынды жастарға арналды.

Бүгінгі таңда жастар елдің ертеңінің тірегі ғана емес, бүгінгінің мықты толқыны. Жастар ең белсенді, барлық шара басынан табылатын қызығушылығы мол тұрғындардың ерекше атап өтетін бөлшегі. Жастардан біз жаңа бастама, жаңа ой күтеміз. Олар экономиканың көтерілуіне,



орналасуларына ықпал ету, өсу жолдарына бағыт беру, жұмысқа алушыларға лайықты жұмысшыны таңдауларына мүмкіндік туғызу болып табылады. Шараға қызметкер іздеп жүрген әртүрлі мемлекеттік ұйымдар, шағын және орта бизнес ұйымдарының өкілдері қатысты. Жәрмеңкеге қатысушылардың

орталығының, Аршалы орта мектептерінің белсенділері қатысты. Орталық аудандық кітапхана қызметкерлерімен суреттемелік көрме дайындалған еді. Бұл шаралардың негізгі бағыты әрбір адамның өзін – өзі дамытып, барлық қырынан көрініп, қоғамда қажетті жан, талантты жан



өмір сүру деңгейінің жақсаруына, ғылым мен мәдениеттің дамуына ат салысулар. Соңғы жылдарда Қазақстан Республикасы жастар саясаты маңызды екіпін алып келе жатыр. Қабылданған мемлекеттік жастар саясаты барлық деңгейдегі басшылар қызметіне басым бағыт болап табылуда. Жастар мерекесін өткізу барысында Ақмола облысының жастар Ресурстық орталығының атынан аудандық деңгейде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда патриоттығы, жұмысқа шығармашылық ұмтылысы назарға алынған жастар марапатталды. Шара барысында музыка ойналып, Аршалы ауданының КТК командаларының қызықты көріністері көрермендерге тарту етілді. Спорттық сайыстар да қызықты өтіп жатты.

Шара соңы жастардың би кешіне ұласты.

А. АРЫҚПАЕВА,
Аршалы ауданының жастар
ресурстық орталығының
директоры.
Сурет: Р. САМКОВТІКІ және
М. ИЗЕРСКАЯНЫКІ.

ҮЗДІКТЕРДІҢ ҚАТАРЫНДА!

Ауданымызға жақсы жаңалық келді. 2014 жылдың қорытындысы бойынша «Шағын қала немесе селолық жерлерде орналасқан мемлекеттік кірістер органының Үздік Орталығы» атағы Аршалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер Басқармасы қызметін атқару Орталығына берілді. Басшысы С.Әлмағамбетов. Жауапты жұмыстарындағы жақсы нәтижелерімен құттықтаймыз!

АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНДА

Аудандық әкімдіктің мәжіліс залында Аршалы ауданының ардагерлер кеңесінің кеңейтілген отырысы өткізілді. Оның жұмысына аудан әкімі Ж.Ж.Нұрқенов қатысты.

Отырыста Аршалы ауданының ардагерлер кеңесінің жаңа төрағасын сайлау ұйымдастырушылық мәселе көтерілді. Үш үміткердің ішінен құпия сайлау арқылы Аршалы ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы болып Биджиев Владимир Махмутович сайланды. Құттықтаймыз!



ҰСТАЗДАРДЫҢ ТАМЫЗДЫҚ КЕҢЕСІ

25-ші тамызда Жібек жолы ауылындағы И.Құтпанұлы атындағы орта мектепте Аршалы ауданы ұстаздарының тамыздық кеңесі өткізіледі. Ұстаздардың былтырғы жылғы жұмыстары мен алдағы жылдың міндеттері талқыланады. «Білімнің инновациялық стратегиясы, қоғам мен жеке тұлғаның, мемлекеттің нық дамуының факторы іспеттес» тақырыбындағы баяндаманы білім бөлімі басшысының м.а. М.Б.Баймолдин жасайды. (толығырақ келесі санды)

Білім

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ – ШАҚЫРАДЫ МЕКТЕБІМ

1-ші қыркүйек қарсаңында тағы да мектеп ауласы жанданып, білім алушы оқушылар мен білім беруші ұстаздардың қауырт тірлігімен толысады. Санаулы күннен соң басталатын жаңа оқу жылына деген дайындық қалай екен деген сауалмен Александр Дмитриевич Цыганов Аршалы ауданының білім бөлімі басшысының м.а. Марат Бекенұлы Баймолдинмен сұхбаттасқан еді.

Ауданның барлық мектебінің жаңа оқу жылына дайындықтары жақсы. Ағымдағы жөндеуден өтті. Аумақтарды абаттандыру бойынша үлкен азаматтық жұмыстар атқарылды. Әсіресе Вячеславка орта мектебі, № 1 АОМ, Константиновка орта мектебі. Басқа да мектептер қатардан қалмады. Аумақты дамыту бағдарламасымен ағымдағы жөндеуден Сарыоба ОМ, Абай атындағы орта мектеп, Михайлов орта мектебі, Баба-тай және Ижев орта мектептері өткізілді. Түрген ауылындағы орта мектептің спорттық алаңына және Константинов селосындағы Березка бала бақшасының спорттық алаңына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. 1-ші қыркүйекте Қостомар ауылындағы 120 орындық мектептің ашылуы жоспарланып отыр. Астанаға жақын бұл тұрғындық пунктін болашағы да зор деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда барлық мектепте кадрлық мәселе шешімін тапқан. Шағын кешенді мектептерде ағылшын, математика, физика пәндерінің ұстаздары жетіспейтіні анық. Оқу жылы басталғанға дейін бұл мәселе де шешімін табар деп отырмыз. Ақтасты негізгі мектебінің бала санының аз болғандығынан бастауыш мектеп болып қайта жасақталғаны рас. Мектепті толық жабу туралы мәселе көтерілген жоқ. Мемлекет тарапынан жоғарғы сынып оқушыларының жақын мектептерге барып келіп оқуларына жағдай жасалады. Биылғы жылы да балалар санының артқандығы байқалуда. Төрт мыңнан астам оқушы қамтылатындығы белгілі болды. Былтырғы жылы 3900 – дан шамалы ғана артық еді. Алғаш рет мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер саны да қуантуда, – дейді М.Баймолдин.

Құрметті оқырман! Төл газетіңіз “Аршалы айнасы” 2015 жылдың екінші жарты жылдығына жазылуға шақырады. Сіздердің мемлекеттік тілдегі басылымның ахуалының жақсаруына, басылым санының артуына қосар үлестеріңіз маңызды. Сіздерден мақала, ой-пікір, ұсыныс күтеміз. Жазылу үшін өздеріңіз тұратын мекенжай бойынша пошта бөлімшесіне немесе редакцияға келулеріңізге болады.

«КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ – МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ»

Өркениеті дамыған әлемде бағыт-бағдарын айқындаған, өзіндік келбеті, ерекшелігі бар мемлекеттер ғана басымдыққа ие бола алады. Бүгінгідей нарықтық заманда әр қадамын есеппен жасап, әр ісін жеті рет өлшеп, бір рет кескеннен кейін ғана бекітпесе дамыған мемлекеттердің қатарынан көріну әсте қиын. Мұндайда бүкіл саланың өркендеуіне, дамуына кепілдік беретін құқықтық құжаттардың, құқықтық қауіпсіздіктің орны ерекше. Тәуелсіз елдің тұғырын көтеріп, өзге елдермен тең дәрежеде тілдесуін қамтамасыз ететін Конституция екені даусыз.

Еліміздің тәуелсіздік алуына, тиісінше Конституцияны қабылдауына вектор болып табылатын талай кезеңдерді басынан кешіргеніне тарих куә. Осы даму жолында Қазақ елі бүгінгі Ата Заңға дейін Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәукеңің «Жеті жарғысы» секілді аты тарихта қалған дала заңдары арқылы мемлекеттің бүтіндігін сақтап, дау-дамайды дер кезінде шешуге мүмкіндік алды. Ұлы философ Сенеканың «Жазылмаған кейбір заңдар жазылған заңдардан да қатаңырақ» дегеніндей, осы уақытқа дейін халқымыз тау еткен құқықтық негіздер баршылық.

2013 жылғы қараша айында өткен республика судьяларының VI съезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «XXI ғасырдағы ұлт дамуының маңызды өлшемі – мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Онсыз әлемнің бірде-бір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың әл-ауқатының жоғары деңгейінің де, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес», – деп атап өткен болатын. Демек, сот төрелігін әділ және тиімді атқару мемлекетімізді ілгері дамуға жетелейтін маңызды тетіктердің бірі. Сондықтан сот жүйесі қоғамдағы тұрақтылықтың, құқық үстемдігінің, қоғам мен мемлекет мүддесін мүлтіксіз сақтаудың және азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың сенімді кепілі болуға тиіс.

Еліміздің Негізгі Заңы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, өзінің өміршендігін, тұрлаулылығын, қызметтілігін және белгілі дәрежедегі икемділігін дәлелдеп шықты. Оның негізгі қағидалары барлық халықаралық

стандарттарға сай келіп, қоғамды жаңғыртып, мемлекетті дамытудың қазіргі кезеңдегі негізгі үрдістерімен үйлеседі. Конституциялық заңдылық пен құқық тәртібін нығайту ісінде маңызды рөл сот жүйесіне берілген. Арбитраждық соттар жойылып, бір ғана Жоғарғы Сот бастаған біртұтас сот жүйесі құрылды. Мұның өзі бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыруға мүмкіндік берді. Сот кадрларын іріктеу мен тағайындаудың қағидаттық тұрғыдағы жаңа жүйесі құрылды. Қабылданған конституциялық қағидалардың арқасында Жоғарғы Сот Кеңесінің мәртебесі нығайып, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің қол сұқпаушылығын қамтамасыз етудің рөлі күшейтілді. Сонымен қатар, судьялардың кәсіби біліктілігіне талапты күшейту жөніндегі тұтас шаралар жүйесі анықталды. Судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдылықты сақтау жауапкершілігі арттырылды.

Биыл жиырмасыншы белесті бағындырып отырған Ата Заңның аясында біз тұғыры нық, мақсаты айқын, әлемдік қауымдастық таныған қуатты да табысты мемлекетке айналдық. Еліміздің құқықтық мемлекетке айналуы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ойдағыдай қорғау, бауырында жүздеген ұлт пен ұлысты топтастырған елімізде саяси тұрақтылықтың сақталуы – осы Конституцияның арқасы. Осындай орасан зор жетістікке Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясаты мен қажырлы еңбегінің нәтижесінде қол жеткіздік.

А. БАЛАБЕКОВ.
Аршалы аудандық сотының төрағасы.

■ **Қазақ хандығының құрылғанына - 550 жыл**

СЫРҒА ТОЛЫ ДҰЛЫҒА

АҚШ-тың Метрополитен өнер институтының музейіне Алтын Орданың атақты ханы Махмұд Жәнібектің дулығасының қалай келіп түскені анықталды. Бұл туралы ақпаратты ҚР Ұлттық музейінің баспасөз қызметі таратты



«Метрополитен өнер институтының музей келушілерінің саны бойынша үшінші орында тұрған әлемнің ең ірі музейлерінің бірі. Бүгінгі таңда оның тұрақты топтамасында 2 миллионнан астам өнер туындысы сақталып тұр. Міне дәл осы Метрополитен музейінде Алтын Орданың атақты ханы Махмұд Жәнібектің дулығасы сақтаулы тұр. Кезінде еуропалық саяхатшылардың дулығаны Тибеттен алып кеткені анықталған. Кейіннен оған АҚШ-тың белгілі бір коллекция жиюшысы ие болады. 2007 жылы дулыға Нью-Йорктегі Метрополитен өнер музейіне тапсырылады. Дулыға

болаттан жасалған, биіктігі 20-23 сантиметр, диаметрі 22 сантиметр, үшкір төбесі өткір қырлы, төменгі жиегінде араб әріптерімен ойып жазылған «Жеңімпаз сұлтан Махмұд Жәнібек» деген күміс жалатылған жазу бар. Ғалымдардың пікірі бойынша, дулығаны кавказдық немесе ирандық шеберлер дайындаған. Дулыға тарихи құндылығы бойынша Қазақстанда табылған 84 дулығаның ішіндегі алғашқы бестікке кіреді», - делінген хабарламада.

Айта өтейік, жуырда ҚР Ұлттық музейінің қызметкерлері аталған музейде болып, іс-тәжірибеден өтті.

20 жыл бұрын Конституцияны, тәуелсіз мемлекеттің басты заңын қабылдағанда, Қазақстан экономикалық тиімділік пен әлеуметтік қайта жаңару үшін түбірін құрып, демократиялық, ең бастысы құқықтық қоғамды құруға сенімді қадам жасады.

БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШҚАН ЕЛДІҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫ

Республикамыздың бұл басты мемлекеттік құжаты тура әрекет ететін негізгі заң болып табылады. Құқықтық кеңістік құрылып, онда азаматтар өздерінің бостандығына, заңды қызығушылығы мен құқығына, еңбектегі құқығына, білім, діни саласындағы құқығына ие бола алады. Осы жылдарға дейін Конституция елдің әлеуметтік – экономикалық дамуында жаңа этапқа байланысты негізгі заң конституциялық нормалар мен ережелермен қоғамдық өмірдегі жаңа реалиялармен байланысты толысты.

Конституцияға елдің барлық заңнамалық базасы жинақталады. Міне осыда оның нақтылығы. Заманауи Қазақстан елдің басты құжатындағы елдің демократиялық дамуында базалық құндылықтарына қарайды. Ол әрбір қазақстандықтың мүддесін қарайды, сондықтан да оны түсінуге, қабылдауға, күнделікті өмірде қолдануға қол жетімді.

Бүгінгі таңда біз жиі азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығы туралы айтудамыз. Өздерінің елінің заңын толық біліп, құқықтарын білсе, міндеттерін білсе, бұл жаны мен тәнінде, қанымен қалыптасып кетсе дейміз. Заңды білу – ол жеке бостандығына ие етеді, сонымен қатар қоршаған ортада қауіпсіздікпен қамтамасыз етеді. Сондықтан да мектепте алғашқы күннен бастап балаларға Конституция жөнінде, оның біздің өмірімізге ықпалы, еліміздің болашағына маңызын айтып, әңгіме өткізген жөн.

Жастардың Ту, Елтаңба, Әнұран туралы ғана оқып, танысып жатқанымен қатар ең бірінші Конституцияны жақсылап



оқығандары дұрыс. Ол заң, сол заңмен өмір сүреді, өзінің құқығын, міндетін біледі. «Конституция туралы сабақтар» өте пайдалы, ол өз елінің жауапты толқынының қалыптасуына құнды дәріс болмақ. Әрбір елдің тарихы өзінің Конституциясының қабылдануымен құрылатынын білгеніміз жөн. Міне, сондықтан да өзінің негізгі заңын мәртебе тұту, білу – әрбір қазақстандықтың міндеті.

Конституцияға жиырма жыл – мерейлі оқиға, тарих парақтарын парақтауға, ауқымды болашаққа бағдар жасауға мықты себеп. Қазіргі таңда сонау жылдары Конституция жазылып басталғанда азаматтардың пікірлерін есепке ала, әріптен әріпке көпті толғандыра отырып, оның әрбір тарауының толысқандығы, ол тарауларда мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, саяси бағыттарын реттейтін нақты бағдарлар туындап жатқандығын, мемлекеттік органдардың ролі мен орындары анықталып, мемлекетпен басқарылатын тұрғындардың қатысу механизмінің қалыптасуының мәні келгендігін саралап отырмыз.

Ғалым – заңгерлер талай өзекті мәселелерге жауап бе-

руге ықпалды болды: мысалы, мынадай демократия атрибуттар қандай болуы керек, сайлау жүйесі мен сайлау бостандығы, саяси партияның және қоғамдық қозғалыстың болуы. Біздің еліміздің Конституциялық негізін даярлауда құқықтық жетекшілер тобы жұмыс жасады, олар тарихи маңызды құжатты даярлап шықты. Конституциялық комиссия құрамына 1990 жылдардың соңында белгілі заңгерлер С.Зиманов, С.Сартаев, Г. Сапарғалиев, З. Федотова, Б. Мухамеджанов, М. Сүлейменов, Н. Ақуев, А. Диденко, В. Ким, У. Құдайбергенов, Е. Нурпеисов және басқалары енгізілді.

Конституцияның даярлану процесі мен конституциялық заңның жинағын жасау өте қиын талаптармен жүргізілген еді, жаңа реалияға қатысты жасалуында совет кезеңіндегі ескірген заңнамалық базаның негізінде жасалынды. Біздің белгілі заңгерлеріміздің біліктілігінің арқасында Негізгі заң тәуелсіз мемлекеттің тұрақтылығының кепілі бола білді. Талай демократиялық мәселерге көтерді. Құқықтық алаңның өзгеруі елдегі ахуалды өзгертті, тыныштықтағы эволюциялық процессті қамтамасыз етті. Өзге елдерден ерекшелігі, бұл Қазақстанда конституциондық реформа бейбітшілік және келісімді нықтады, тұрғындардың өмірі ақырындап жақсара түсті, нарықтық қайта құрылуына мықты нұсқау берілді. Қазіргі кезде еліміздің әрбір азаматы өзінің құқығын, экономика, білім, денсаулық сақтау, мәдениет саласындағы қажеттілігін жүзеге асырып, барлық реформаға қатыса алатын болды.

М. ҚҰРМАНБЕКОВА.

✓ **Уақыт талабы**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ ТҮ БӘРІМІЗДІҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Ел тәуелсіздігінің басты белгісі – оның мемлекеттік тілі. Мәртебесі Ата Заңымызда, яғни Конституцияда бекітілген мемлекеттік тіл – қазақ тілі. "Тілдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бүгінде Елбасы барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударып отыр.

Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кеңейту ел саясатының басты стратегиялық басымдығы болып табылады. Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай жасауға бағытталған.

Мемлекеттік тілді дамыту «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басым мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылып келеді. Азаматтардың қазақ тілін игеру деңгейіне қарай мемлекеттік тіл кезек-кезеңімен енгізілуде. Қоғамда мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қоғамның жан-жақты салаларында онтайлы әлеуметтік лингвистикалық кеңістікке қол жеткізу үшін жаңа қадамдар жасалуда. Басты мақсат – тілдік мұраны сақтау және қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ

тілінің қолданылуын қамтамасыз етіп, оның барынша дамуына қол жеткізу. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылданған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясатымен еліміздің болашағы да, тіліміздің болшағы да өркендей береді деп сеніммен айта аламыз.

Ақмола облысы Әділет департаментінің. Аршалы ауданының әділет басқармасы.

Спорт

ЖАРАЙСЫҢ, АЙНА

Аршалы балалар спорттық мектебінен спорттық бірқатар түрінен жақсы нәтижеге жетіп келе жатқан спортшы, талантты балалар туралы көп жазып жатырмыз. Сол спорт мектебінің Анар селолық округіндегі Грек-рим күресі бойынша филиал бөлімшесінде жаттығып жатқан қызымыз Айна Теміртасова талай жетістіктерге жетіп келеді. Спорттық осы түрінен өтіп жатқан әртүрлі деңгейдегі сайыстарда жақсы көрсеткішке жетіп жүрген спортшы қызымыздың талабына нұр жаусын дегім



келеді. Баршамызға мәлім жуықта Қазақстан Республикасының құрама командасымен Азия чемпионатының 1998-2000 жылы туылған, салмақтық категориясы 58 кг. дейінгі тәртіпте жүлделі орыннан көрінді. Жартылай финалға жеткен біздің спортшымыз Жапон елінің спортшысымен бақ сынасып, ұтылғанымен көп сабақ алды. Ал Үнді спортшысымен түскен сайыста да таза жеңіспен қола жүлдені қоржынына салды. Бұл қола медалдың өзі қаншалықты дайындықтың, қаншалықты сынақтың, қаншалықты қобалжу мен талаптың нәтижесі екендігін спортшы қауым және жанкүйерлер нақты біледі. Жарайсың, Айна! Аршалы ауданы үшін бұл жеңіс – үлкен жеңіс!

М. ЕРНЫРҚЫЗЫ.



Тарих

СҮЙІНБАЙДЫҢ ПОРТРЕТІ

Жетісу ақындарының алтын діңгегі, Жамбылдың пірі – Сүйінбай Аронұлының қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеев салған суреті Солтүстік Қазақстан облыстық музейінен табылды. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газеті «Сирек сурет республикалық өнер музейінде емес, облыстық музейде тұр» деген мақаласында жазған.



Жамбылдың ұстазының суреті 1972 жылы салынған. XIX ғасырда Жетісу өңірінде өмір сүрген ақынның фотосуреті болмағандықтан кескін-келбетін оның ұрпақтарының айтуымен айнытпай келтірген. Ол туралы суретші 1972 жылдың 23 маусымында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Сүйінбайдың суреті» атты мақаласында: «Алатаудай ақиық ақынның сурет бейнесін жасаумен шұғылданғаным, міне, жылдан асты. Ақынның өмірі мен творчествосына қаптысты деректердің бәрімен түгелдей дерлік таныстым. Сүйінбайдың фотопортреті жоқ. Сондықтан бұдан 80 жыл бұрын өмір сүрген атакты адамның қас-қабағы, маңдайы, көзі, мұрын бітісі, ерін, жақ, иек, тағы басқа анатомиялық кескіндері қандай еді деген сұрақтарға жеке-жеке анкеталық анықтамалар алдын ала берілді. Содан соң олардың барлығы біртұтас күйге келтірілді», - деп шығармашылық лабораториясы жайлы ақпарат береді. Іздену кезінде немере

қызы Үкіжан Сыпатаева мен аталасы Мырзабай Сатаевпен ақылдасқанын, ақынның бет-әлпеті, пішін-келбеті немере ұлы – Тоғызбай Малыбаевқа келетінін, оның да фотосуретін жан-жақты зерттегенін, өзге де туған-туыстарының кескін-келбетін назардан тыс қалдырмағанын, отбасылық ортақ белгілерін анықтағанын тілге тиек етеді. Қылқалам иесінің бастаған ісін қашан аяқтағанша жұмыс орнынан тұрмайтын әдеті болған. Соңғы нүктесі қойылып, бояуы кеппеген портретті ақынның туған-туыстарына көрсеткенде Үкіжан Сыпатаева: «Сүйінбайдың кескін-келбетіне дәл келеді. Мен осы бейнені Сүйінбай деп танимын», - деп жылап жіберсе керек. Қазақ КСР Суретшілер одағы және көркемөнер көрмелері басшылығы «Сүйінбай» портретімен бірге бір неше картиналарды Петропавл қаласына өткен ғасырдың 90-жылдары амалсыздан жіберген. Қаржының жетіспеушілігінен осындай қадамға барып, жер-жерлерге таратқан.

Бұл суреттің тарихы мұнымен аяқталмайды. Тәуелсіздік салтанат құрғаннан кейін картинаның екінші тынысы ашылды десек, қателеспейміз. Көк байрағымыз желбіреп, Ұлттық валюта – теңгеміз айналымға шықты. 1993 жылы 15 қарашада айналымға шыққан теңгенің алғашқы нұсқасындағы 3 теңгеде Сүйінбайдың портреті бедерленген. Банкнот жасыл-сұр түсті. Оның оң жағында халық ақыны Сүйінбайдың портреті орналасқан. Бұл да болса, Ә.Қастеевтің қыл қаламынан туған суреттің тарихымаңызын көрсетсе керек.

ҒАЛАМТОРДАН.

Болашақ - жастарда

ЕЛБАСЫМЕН БІРГЕ ЖАСТАРДЫҢ 100 ҚАДАМЫ

Өзінің кезекті Жолдауында Н.Ә.Назарбаев: «Жастар болашақтың тірегі деп айтатын. Мемлекет жас толқынның алдынан барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы жол» - міне осы жерде әрбір жас өзінің күшін салып, жан-жақты көріне алады!». Қазақстан - өткені өте ауқымды, қазіргісі тұрақты, ал болашағы сенімге толы! Әрбір жастың басында өткен қателіктері саралап, жасақтарың еске түсіріп, болашақты ойлау керек. Қазақстан Республикасының жастары осы принциппен өсіп келе жатқаны белгілі. Барлығымыз да ақырындап өсіп келеміз, ересектер қатарына шығып, ақыл тоқпатып жастарымыз, өзіміздің өмір сүріп жатқан елімізге деген көңілімізде немқұрайлылық жоқ екендігі де анық.



Еліміздегі ішкі жағдай Екім-кімді де сыртта қалдырмайды, әсіресе жастарды. Ағымдағы жылдың 4 тамызында Ақмола облысының Жастар ресурстық орталығының жастар ақпараттық – насихаттаушы тобы келіп, өздерінің арнайы бағдарламасын ұсынды. Бұл шараның басты мақсаты ақмолалық жастарға Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «5 институциялық реформаның жүзеге асырылуындағы 100 нақты қадам» Жоспарын түсіндіру болды. Қатысушылар: жастар ұйымдарының көшбасшылары, белсенділері, жас мемлекеттік қызметкерлер, Дипломнен ауылға бағдарламасына қатысушы жастар. Жастар ақпараттық – насихаттаушы тобы бірқатар шараны ұйымдастырды: Аршалы кентінің Жастар орталығы ғимаратының алдында аудан әкімінің орынбасары А.Е.Мысырәлімованың басқаруымен «Қазақстандық қоғамдастықта жастардың дінаралық және этникааралық келісімді нығайтудағы ролі» тақырыбын қамтыған диалогтық алаң ұйымдастырылды. Шараның мақсаты жастар арасында дини сауаттылықты жоғарылату, жеке өзіндік қабілеттерін ашу, толеранттық азаматты тәрбиелеп

шығару. Бұл шараға Ақмола облысының Жастар ресурстық орталығының директоры Исаков Тимур Маратұлы, діни істері жөніндегі Баскарманың «Конфессияаралық қатынастың дамуы және сараптамасы орталығы» МКК маманы Бекташ Алишер. Айна Ермекқызы барлық қатысушылар мен қонақтарды қарсы алып, ауданның ахуалымен таныстырды. Диалогтық алаңда жастар сауалдарын қойып, жауаптарына риза болды. Содан кейін жастар арасындағы құқықбұзушылықтың болмауына орай алдын ала жұмыстар туралы айтылды. Бұл шараға Аршалы ауданының ІІБ қызметкері Хасенов Альхат Мағауиұлы қатысты, Аршалы ауданындағы бытырғы және бірінші жартыжылдықтағы жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы ақпаратпен бөлісті. Осы шарамен қатарлас №2 Аршалы орта мектебінде «Аумақ деңгейінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру» жастар көшбасшыларының арасында қоғамдық пікір алысу тренингі фокусы өтіп жатты. Тренингті Ақмола облысының Жастар ресурстық орталығының ақпараттық – аналитикалық бөлімінің басшысы Мырзахметов Мырзахмет Батырұлы жүргізді. Күннің екінші бөлігінде Балалар

шығармашылығы орталығында «Елбасымен бірге жастардың 100 қадамы» тақырыбы қамтылып жастармен кездесу өткізілді. Кездесу мақсаты – жастардың мемлекеттік органның қызметіне деген құрметін, сенімін қалыптастыру, басты мәселелерді талқылау болды. Ақмола облысының Жастар ресурстық орталығының директоры Исаков Тимур Маратұлы және Ақмола облысының Жастар ресурстық орталығының ақпараттық – аналитикалық бөлімінің басшысы Мырзахметов Мырзахмет Батырұлы тамаша баяндама жасады. Содан кейін мәдениет – бұқаралық шара «Жайдарлы жастар - НҰРЛЫ ЖӨЛМЕН болашаққа» ұласты. Сағат 20.00- де Аршалы кентінің орталық алаңында орап-ағ би кеші жалғасты, КТК Омск Лигасының чемпиондары, Ақмола облысының «Агрофаки», DJ и MS «Алладин» командалары қатысты. Орталық алаңда ауданның нағыз белсенді жастары көңілді кештің көрігін қыздырды.

Жастық шақ айналып келмейді. Барынша осы кезде жақсы жаңалықтың қасында, қызықты шаралардың басында болайық. Көңілді өткізіп, белсенділік танытып, жаңа достар тауып, жанаша өмірге ұмтылайық

А. АРЫҚПАЕВА.



Табиғат

«ТАЗА ЖАҒАЛАУ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЕНЫЛІК

Ағымдағы жылдың 16 тамызында Аршалы ауданының тұрғындары экологиялық мәдениетті дамыту барысында «Таза жағалау» атауымен Аршалы – Михайловка трассасы бойында экологиялық сенбілік ұйымдастырды. Бұл акция бірінші жыл ұйымдастырылып жатқан жоқ. Адамдардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі мен тазалықты ту еткендігінің көрінісі ретінде жылдан жылға

еріктілердің қатарының көбейгенін айтуға болады. Дем алған орындарымызды тазалай білгенде ғана тазалық сақталады, ал сенбіліктер ұйымдастырып жинаған іс өзгеге үлгі болғаны анық. Қоршаған ортаны өзіміз күнделікті таза ұстауға дағдыланғанда ғана жан-жағымызда көз қуантарлық көрініс орын алары белгілі. Өзімізден басталған тәртіп кейінгі ұрпаққа үлгі. Ал жастардың жауаптылығы үлкендердің

қуанышы. Туған өлкеміздің әрбір жеріне деген махаббатымыз бен жауаптылығымыз арта берсе, барымызды жайнатып, кейінгі ұрпақтың еншісіне қалдырамыз ақиқат. Осындай тазалық акциясы жиі ұйымдастырылып, әрбір адам өзінің тұрып жатқан жерінің бір бөлшегі екендігін түсінсе ғана гүлденген ортаға қол жеткізе аламыз. Ал осы акцияны ұйымдастырған волонтерлар мен бастама жасаған Шағалимов Шасалимге Аршалы ауданының әкімі Ж.Ж.Нұрқенов атынан алғыс хат табысталды

Н. АЛЕКСЕЙЧУК.

Тәрбие

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР, АТА-АНАЛАР, ОҚЫРМАНДАР!

Мен ғаламтордан мына бір қызық мақаланы оқып, сіздермен бөліскем келді. Маған өте ұнады. Оқыңыздаршы, шыныменен де көптеген ой түйгізетін, тіпті жүрек қағысын жылдамдататын ерекше мақала, оның үстіне барлығымызға да сабақ аларлық тәрбиесі мол дәріс екендігі сөзсіз емес пе? Мен екі баланың анасымын, балаларым ересек, өздерінше жұмыс жасап та жатыр. Бір-бір шаңырақ иесі болуға да жақындады. Алайда, олар да мен туралы көп білмейтін сияқты. Себебі, өзім жайлы мен де көп айтпағанымын-ау деп ойлаймын. Қашан да жұмыс – жұмыс деп мән бермей жатамыз. Бірде ұлымның: Мама, менің кішкентай кезімдегі қызықтарымды айтышы?, - деп өтінгенінде қалай тәй-тәй басқанын, қалай екі аяқты велосипедпен теуіп үйренгенін, мектепте құлап қалып, маңдайы ісіп келгенін айтқанымда, Мама, сеніп қалдыңыз ба, мен ол кезде бір баламен төбелесіп қалған едім, - деген еді. Сол кезде мені уайымдатпайын деген ол

бәрібір де шынын айтып, сырлас-ты. Міне, мақаланы оқи отырып, біз неге осы баламен сөйлесуге уақыт таппаймыз екен? Бала кезінен оларға уақыт бөліп, сырласып, өзіңнің де арманыңды, бала кезгі қызықтарың мен қиындықтарыңды бөлісіп отырсаң, бала анасы – әкесі туралы көп біліп, өзі де ой елегінен өткізіп, ата-ана мен бала арасында мықты көпір, түсінік пайда болары анық деп ойлаймын. Ал ұстаздар жазғы лагер барысында балалармен осындай қызықты ойын - сауалдарды өткізіп жататын болса, балалардың да қызығушылықтары артып, неғұрлым ата-аналарына жақын болуға ұмтылатындығы сөзсіз. Қазіргі таңда бізде тек қана ортақ ой, сабырлық, сенім, жылулық мен мейірім жоқтың қасы болып бара жатқындығы да шындық. Ендеше бала біздің болашағымыз дей тұра сол болашақтың бойындағы жақсы қасиеттердің болуына біз жауаптымыз. Сізге Ұларбек Нұрғалымұлының бұл мақаласы қалай әсер етті? Хат күтеміз.

ЖАЗДЫҚ ЛАГЕРДЕГІ БАЛАЛАРДЫ ЕКІ-ҮШ КҮНДЕ ӨЗГЕРТКЕН 50 СҰРАҚ

Балалар психологиясы жөнінде көптеген кітаптар жазған қытайлық Лу Чин өзінің «балаларға жарайсың дей біліңіз!» атты кітабында екі-үш күндік жаздық лагер қимылында балалардың қалай өзгергені туралы жазыпты. Әрине, екі-үш күн тым аз уақыт қой, балалар қай жағынан, қалай өзгергені туралы ретімен баяндап көрелік.

Әсесі жаздық демалысты табиғат аясында өткізіп жүрген балаларға «жұмбақ әлем – менің анам» атты тақырыпта сұрақ-жауап жарысын ұйымдастырғаны туралы айтылады. Оның кіріспесінде: «Тақырыпты қате жазыпты деп қалмаңдар. Бізге сырлы, беймәлім нәрселер тек бұрынғы өткен замандар мен болашақта болатын құбылыстар, ғарыш, жұлдыз немесе жердің терең қабаты, ғылым әлі таппаған сырлар деп ойлап қалмаңыздар. Ол жұмбақ сенің ең жақын, ең таныс адамыңның бойында болуы мүмкін. Мысалы, аналарыңның бойында сендер білмейтін әлем бар. Сенбейсіңдер ме? Жарайды, ендеше төмендегі сұрауларға жауап беріп көріңдер», дейді.

Сонымен, балаларға өз аналары туралы 50 ден астам сұрақ қойылады. Әрбір сұрақ нақты, әсерлі:

Анаң қай жылы, қай күні туылған?

Анаңның жылы не?

Анаң қай жерде туылған?

Анаңның атын кім қойған?

Мағынасы қандай?

Анаң сендей кезінде қандай жемістер жеген?

Анаң бала кезінде сүт ішкен бе?

Анаң шоколат, балмұздақты қанша жасында жеген?

Анаң бастауыш мектеп оқып жүргенде қанша сумкасы болған? Қандай сумка? Бағасы қанша?

Анаң мектепте қандай сыйлықтар алған?

Анаң оқу материалынан тыс қандай кітаптар оқығанды ұнатқан?

Анаң бала кезінде қандай ойыншықтар ойнаған? Және қандай ойыншықты армандаған? Оған қолы жеткен бе?

Анаң қандай өлең-жырларды жатқа айта алады?

Анаң қандай ән айтады? Немесе қай әнді көп тыңдайды?

Анаңның қол сағаты болған ба?

Анаң қанша жасында тұрмыс құрған?

Анаң саған ауырыяқ болған кезде неге жерік болған?

Анаң сені өзі босанды ма, әлде операция арқылы дүниеге әкелді ме?

Анаңның омырауын емгенсің бе? Тоятын ба едің? Тоймасаң қосымша қандай амалдар қолданған?

Анаң сені омыраудан қалай шығарған?

Сен тамақ талғайтын ба едің? Онда анаң не істеген?

Анаң сен ұйқтамай болмаса басқа нәрсеге өкпелеп жылағанда не істейтін еді?

Анаң қандай қызмет істеген?

Анаңның мамандығы қиын ба?

Анаңның алғашқы еңбекақысы қанша болған? Оны қалай жұмсаған?

Анаң күніне қанша уақыт жұмыс істейді? Қанша уақыты жолға кетеді? Қанша уақыты тамақ жасауға, қанша уақыты үй шаруасына кетеді? Қанша уақыт демалады?

Анаңның салмағы қанша? Қан қысымы ше? Қандағы май құрамы қанша? Көзінің көру қуаты қаншалықты?

Анаңның ең үлкен арманы не?

Анаңды қандай іс ерекше қуантады? Қандай іс жабырқағанды?

Осылай кете береді. Осы сұрақтарды қағазға жазып айналымы дөңгелек үстелге қояды. Дөңгелек центріндегі стрелка айналып тоқтағанда сол сұрақтың тұсында отырған бала жауап беруі керек.

Көкінішсіз, бұған қатынасқан 80 баланың 99 пайызы бұл сұрақтарға жауап бере алмаған. Тек бір ұл бала ғана: «мен 7 жас кезімде анамның балмұздақ жегенін білемін. Өйткені ол, «балам мен бір тістейінші бұрын жеп көрмеппін деді», деп жауап берді...

«Жаздық лагерде бірге жүрген жас тілші: «балалар, егер тақырыпты «жұмбақ әлем – менің балам» деп өзгертсек біздің аналарымыз мұндай сұрақтың тағы жүзі болса да жауап бере алар еді...» дей келе көз жасына ерік берді. Бәріміздің жанарымызға жас іркілді...» дейді автор.

Н Ә Т И Ж Е Қ А Н Д А Й БОЛҒАН?

Бір айға жетер-жетпес уақытта ұйымдастырушылар балалардан көптеген хаттар тапсырып алған. Олар осы сұрақтарға жауап табу барысында аналарының жан дүниесінің соншама бай, соншама керемет әлем екенін айтып, тіпті кейбіреуі «анамды күніне аз дегенде үш рет құшақтайтын болдым» деген. Кейбір қыз балалар «мен лагерден келгелі бері анамның қасында болып, үй шаруасына үнемі көмектесіп жүрмін» деп жазыпты. Артынша кейбір ата-аналар редакцияға хабарласып, балаларының екі-үш күнде қалай өзгеріп кеткені туралы сұрапты...

Өзіміздің алыстап кеткеніміз болмаса аналардың жан әлемі қандай шуақты, қандай мейірімді! Балалар! Аналарымыздың жұмбақ әлеміне қаншалық үңілсек, олар бізге соншалық жақын, соншалық жанашыр, соншалық қымбат!

Ұларбек Нұрғалымұлы
Namys.kz

Құттықтаймыз

Талайларды қуантар екпіні елдің,
Сексен деген жасы гой бектің,
ердің.

Тоқабай ата сексенге келді бүгін,
Рухы мықты ұрпағы тектілердің
дей келе Тоқабай ата сізді 80
жасқа толған мерейжасыңызбен
құттықтаймыз. Жүйрік уақыттың
ұшқыр қанаты сізді сексеннің сеңгіріне
де алып жетіпті. Ауырталығы
мен жақсылығы қатар жүретін
өмір өрісінде Тоқабай ата түрлі
лауазымдық қызметте жүріп,
абырой мен беделге, халықтың
сүйіспеншілігіне ие болдыңыз.

Өзіңізді ауылдың қазыналы қариясы,
өз елінің патриоты, үлкен жүректі
адам ретінде көрсете білдіңіз. Болашақ
ұрпақ Сіз сияқты ұлы адамнан тәлім-
тәрбие алып, қызметтік осу жолында
өзіңізді өнеге тұтатыны ақиқат. Сізге
ғұмырдың ұзағын, жақсының шуағын
тілей отырып, немере-шөберелеріңіздің,
жақын-жұрағаттарыңыздың орта-
сында және өз шаңырағыңыздың шы-
райлы ұйтқысы болып жүре беруіңізге
тілектеспіз!!!

Ізгі тілекпен :Жалтыркөл ауылы
Мартинов негізгі мектебі атынан
педагогикалық ұжым.



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 24 – 30 тамызға дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

Дүйсенбі 24 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

08.00, 09.30 Жаңалықтар
09.55 Апта, kz
10.55, 21.05 Айтуға оңай...
11.40 Т/х Сырғалым
12.30, 17.30, 20.30, 23.40 Жаңалықтар
12.45 Енбек түбі – береке
12.50 Дауа
13.25 «Білгірлер бәйгесі»
Интеллектуалдық сайыс
14.10 Ақсауыт
14.45 М/х Білгіштер
15.00 «Әйел бақыт» Ток-шоу
16.00, 22.40 Т/х Жүрегім сізге аманат
16.50 Дзюдо. Әлем чемпионаты
20.05, 00.30 Тарих толқынында
21.50 Т/х Арман асуы
00.10 Өзекжарды
00.50 Футбол

ХАБАР

10.00 Жеті күн
11.00, 00.55 Д/ф Әр үйдің сыры баска
11.35 Кулинарная программа «Магия
кухни»
12.10 Подари детям жизнь
12.15 М/с Маша и медведь
12.30 М/с Джейк и пираты Нетландии
13.00, 17.00, 20.00, 23.55
Жаңалықтар
13.10 Д/ф Семейные мелодрамы
14.00 Т/с Женский доктор-2
15.00, 18.00, 21.00, 00.25 Новости
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Тұсаукесер! «Өмір сабақтары»
16.30 Т/х Күн сақшылары
17.15 Нүкте
18.10 Т/х Сұлтан Сүлейман
19.00 «ТВ Бинго»
20.30 Арнайы хабар
21.30 Т/с Верь мне
22.20 Т/с След
23.10 Жекпе-жек

Сейсенбі 25 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
08.00, 09.30 Жаңалықтар
10.00, 21.50 Т/х Арман асуы
10.50, 21.05 Айтуға оңай...
11.35 Т/х Сырғалым
12.30, 20.30, 23.40 Жаңалықтар
12.45 SPORT.KZ
13.10 «Жырым мені ешқашан
өлтірмейді» Т.Молдағалиевтің
сөзіне жазылған әндер
14.25 М/х Стич
14.50 М/х Білгіштер
15.00 «Әйел бақыты» Ток-шоу
16.00, 22.40 Т/х Жүрегім сізге аманат
16.50 Дзюдо. Әлем чемпионаты
20.05, 00.35 Қылмыс пен жаза
00.15 Өзекжарды

ХАБАР

10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 23.40, 01.55
Жаңалықтар
10.10, 21.30 Т/с Верь мне
11.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.10
Новости
11.10, 01.25 Д/ф Әр үйдің сыры баска
11.45 Кулинарная программа «Магия
кухни»
12.15 Подари детям жизнь
12.20 М/с Джейк и пираты Нетландии
12.45 Экономикласс
13.15 Д/ф Семейные мелодрамы
14.00 Т/с Женский доктор-2
15.15, 00.40 Тұсаукесер! «Бұйымтай»
16.00 Тұсаукесер! «Өмір сабақтары»
16.30 Т/х Күн сақшылары
17.15 Нүкте
18.15 Т/х Сұлтан Сүлейман
19.10 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
22.20 Т/с След
23.10 Арнайы хабар

Сәрсенбі 26 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
08.00, 09.30 Жаңалықтар
10.00, 21.50 Т/х Арман асуы
10.50, 21.05 Айтуға оңай...
11.35 Т/х Сырғалым
12.30, 17.30, 20.30, 23.40 Жаңалықтар
12.45, 00.55 Қылмыс пен жаза
13.10 Поэзия әлемі
13.40 Ғасырлар үні

14.25 М/х Стич

14.50 М/х Білгіштер
15.00 Ток-шоу «Әйел бақыты»
16.10, 22.40 Т/х Жүрегім сізге аманат
17.05 Д/ф
17.50, 00.35 Өзекжарды
18.10 «Ұлжан» 15-бөлім
19.05, 00.35 «Қазақ хандығының 550
жылдығы» Арнайы жоба
19.30 Т/х Қызыл сарайдағы түс
00.15 Өзекжарды

ХАБАР

10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.00, 02.15
Жаңалықтар
10.10, 21.30 Т/с Верь мне
11.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Новости
11.10, 01.00 Д/ф Әр үйдің сыры баска
11.45 Кулинарная программа «Магия
кухни»
12.20 Подари детям жизнь
12.25 М/с Маша и медведь
12.35 М/с Джейк и пираты Нетландии
13.10 Д/ф Семейные мелодрамы
14.00 Т/с Женский доктор-2
15.15, 01.30 Тұсаукесер! «Бұйымтай»
16.00 Тұсаукесер! «Өмір сабақтары»
16.30 Т/х Күн сақшылары
17.15 Нүкте
18.15 Т/х Сұлтан Сүлейман
19.10, 23.10 «Біздің үй»
20.30, 20.45 «Мерейлі отбасы»
күнделігі
22.20 Т/с След

Бейсенбі 27 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
08.00, 09.30 Жаңалықтар
10.00 Т/х Арман асуы
10.50 Айтуға оңай...
11.35 Т/х Сырғалым
12.30, 17.30, 20.00, 23.35 Жаңалықтар
12.45 Агробизнес
13.10 «Қазақ хандығының 550
жылдығы» Арнайы жоба
13.35 «Шетелдегі қазақ балалары»
3-маусым
14.00, 00.55 Жан жылуы
14.25 М/х Стич
14.50 М/х Білгіштер
15.00 Ток-шоу «Әйел бақыты»
16.10, 22.35 Т/х Жүрегім сізге аманат
17.05 Д/ф
17.50, 00.10 Өзекжарды
18.10 «Ұлжан» 16- бөлім
19.00 Т/х Қызыл сарайдағы түс
20.35 Футбол

ХАБАР

10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.00, 02.15
Жаңалықтар
10.10, 21.30 Т/с Верь мне
11.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Но-
вости
11.10, 11.25, 20.30, 20.45 «Мерейлі от-
басы» күнделігі
11.40 Кулинарная программа «Магия
кухни»
12.15 Подари детям жизнь
12.20 М/с Маша и медведь
12.30 М/с Джейк и пираты Нетландии
13.15 Д/ф Семейные мелодрамы
14.00 Т/с Женский доктор-2
15.15, 01.30 Тұсаукесер! «Бұйымтай»
16.00 Тұсаукесер! «Өмір сабақтары»
16.30 Т/х Күн сақшылары
17.15 Нүкте
18.15 Т/х Сұлтан Сүлейман
19.10 Жекпе-жек
22.20 Т/с След
23.10 Біздің үй

Жұма 28 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
08.00, 09.30 Жаңалықтар
10.00 Сағындырған әндер-ай!
10.50, 21.05 Айтуға оңай...
11.35 Т/х Сырғалым
12.30, 17.30, 20.30, 23.40 Жаңалықтар
12.40 Иман айнасы
13.05 Индустрияландыру: Ұлттық
өндіріс
13.30 Баламен бетпе-бет
13.55 Жүзден жүйрік
14.25 М/х Стич
14.45 М/х Білгіштер
15.00 Ток-шоу «Әйел бақыты»
16.10, 22.40 Т/х Жүрегім сізге аманат

17.05 Жан жылуы
17.50, 00.15 Өзекжарды
18.10 Ғасырлар үні
19.00 Менің Қазақстаным!
19.30 Т/х Қызыл сарайдағы түс
21.50 «Шын жүректен!» Реалити-шоу
23.40 Журналистік зерттеу
00.35 X/ф Өүрелен

ХАБАР

10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.55
Жаңалықтар
10.10 Т/с Верь мне
11.00, 15.00, 18.00, 21.00 Новости
11.10, 11.25, 20.30, 20.45 «Мерейлі
отбасы» күнделігі
11.40 Кулинарная программа «Магия
кухни»
12.15 Подари детям жизнь
12.20 М/с Маша и медведь
12.30 М/с Джейк и пираты Нетландии
13.15 Д/ф Семейные мелодрамы
14.05 Т/с Женский доктор-2
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Тұсаукесер! «Өмір сабақтары»
16.30 Ұлт саулығы
17.15 Бармысың, бауырым?
18.15 Т/х Сұлтан Сүлейман
19.05 Орталық Хабар
21.30 X/ф Воины ЗУ
23.55 Т/х Құрбылар

Сенбі 29 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

08.00 Қымызхана
08.35 Агробизнес
09.00 Сенбілік таң
10.05 Дауа
10.40 М/ф Батыл жүрек
12.10 Ұлттық шоу: Роза шақырады
13.30 Білгілер бәйгесі
14.15, 00.50 X/ф Мыңжылдық тырна
16.10 Арнайы жоба
16.30 Дзюдо. Әлем чемпионаты
20.30, 00.20 Жаңалықтар
21.00 Сенбілік кездесу
22.30 «Жайдарман»

ХАБАР

08.45 Бармысың, бауырым?
09.25 Продвопрос
09.45 Ұлт саулығы
10.10 Д/ф
10.40, 10.55, 20.30, 20.30, 20.45
«Мерейлі отбасы»
11.10 М/ф Семейка Праудов
12.40 Сказки братьев Гримм.
«Рапунцель»
13.45 Орталық Хабар
14.40 Жұлдызды дола
16.15 Түр де Хабар
16.45 X/ф Молоко, сметана, творог
18.05 Концерт «Астанаға тарту»
19.25 Бенефис-шоу
21.00 Жеті күн
22.00 Д/ф Операция: Сапфир
22.50 X/ф Призрачный гонщик-2
00.30 Т/х Құрбылар

Жексенбі 30 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

08.30 «Қымызхана»
09.00 Ақсауыт
09.30 Бүгінгі жексенбі
11.00 М/с Саяхатшы Дара
11.50 Баламен бетпе-бет
12.10 «Қазақстан» Ұлттық
арнасының бейнекорынан «Айтыстан
үзінді»
12.55 Д/ф
13.30 Жарқын бейне
14.00, 00.20 X/ф Жаужүрек мың бала
16.30 Дзюдо. Әлем чемпионаты
20.00 Апта. KZ
21.00 Әзіл әлемі
23.20 «Менің Қазақстаным» Шәмші
Қалдаяқков әндерінен концерт

ХАБАР

08.00 Әсем әуен
09.00 Айбын
09.30 Ас арқау
10.00 Д/ф
10.30, 10.45 «Мерейлі отбасы»
11.00 М/с Маша и Медведь
11.30 М/с Путешествие Жюль Верна
12.00 X/ф Жаужүрек мың бала
14.30 Бенефис-шоу
15.40 X/ф Такиялы періште
17.15 Д/ф
17.45 Ледовое шоу Дениса Тена и
друзей «Сәлем, Қазақстан»
19.45 Ду-думан
21.00 Жеті күн
22.00 Нұрғиса Тілендиевтің 90
жылдығына арналған «Жүрегім
менің»
атты мерекелік кеші
00.00 Т/х Құрбылар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ «Борышты өсімпұлсыз қайтар!» атты акциясын өткізеді. 2015 жылғы 1 тамыздан 15 желтоқсанға дейін Қор алдында 2015 жылғы 1 тамыздағы мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушылар мен лизинг алушылар борышын өсімпұлсыз өтей алады.

Қарыз алушы/ лизинг алушы негізгі борышы пен сыйақысы бойынша мерзімі өткен берешегінің 100% төлесе, өсімпұл шығарылып тасталады.

Толығырақ - www.kazagro.kz/web/fond сайтында, немесе 8-8000-80-35-05 телефоны бойынша (Қазақстан бойынша тегін).



Денсаулық

БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Жұкпалы аурулар арасында, өңірдің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне қарамастан, тұрғындардың денсаулығына «Ботулизм» үлкен қауіп төндіреді.

Ботулизм – бұл жиі өлімге алып баратын ауыр тағамдық уытты жұкпалардың бірі. Ботулизм қоздырғышы токсиннің 5 түрін өндіретін спора құратын микробтар болып табылады. Ал адам осы микробтардан уланады.

Азық-түліктерге ботулизм споралары түрлі жолдармен енуі мүмкін: ет соғым сойғанда және мал етін бөлшектегенде ұрықтануы ықтимал, балық еті оны аулағанда жаракаттанған қабыршағы арқылы ұрықтанады, ал өсімдік тектес өнімдер (көкөніс, саңырауқұлақ) көбінде топырақ арқылы споралармен ұрықтанады.

Өнімге түсе салысымен микроорганизм ботулотоксин өндірумен көбейе бастайды. Токсин ауа мүлдем болмаған жағдайда қалыптасады. Ботулин таяқшасының токсині – барлық белгілі бактериялық улардың ең күштісі. Оның қоршаған ортаға төзімділігі әртүрлі – тікелей түскен күн сәулесі оны құртпайды, десе де тамақты қайнатқанда ол 10-15 минуттың ішінде құртылады.

Аурудың алғашқы белгілері 3-6 сағаттан кейін пайда бола бастайды, бірақ 2-ден 7 күнге дейін өтіп кетуі мүмкін. Адам өзін жайсыз сезінеді, әлсіздік, бас ауыруы, бас айналуы, қарынұсті маңайының ауыруы, жүрек айнуы, арасында құсу байқалады. Температура қалыпты болуы мүмкін. Жүйке жүйесінің зақымдану симптомдары ұлғаяды – көрудің әлсіреуі, «көздің» қараңғытуы, заттардың екеуленіп көрінуі. Дауыс тембірі өзгереді – ол қырылдақ, сырылдақ, кейін дыбыссыз болып қалады. Бұдан кейін жұту және шайнау қиындай түседі. Кейін тыныс тарыла бастайды, бұлшықеттің ауырсынуы күшейеді, наукас басын ұстай алмай қалады, басы бір жағына қисая беретін болады. Арнайы мамандандырылған ем болмаған жағдайда адам тыныс мускулаторының салдануынан 2-3 күннің ішінде өліп кетуі мүмкін.

✓ Іске сәт, кәсіпкер

АРШАЛЫ АУДАНЫНДА «БИЗНЕС~ КЕҢЕСШІ» ЖОБАСЫ

2015 жылдың 27 - 28 шілдесі аралығында Аршалы ауданында «Бизнес – Кенесші» жобасы бойынша былтырғы жылы бекітілген қысқамерзімді оқыту кестесіне сәйкес, кәсіпкерлерге және кәсіпкерлікке бастамасы бар тұрғындарға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі мен «Атамекен» Қазақстан Республикасы кәсіпкерлер Ұлттық палатасы ұйымдастырған «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде бизнесті жүргізу саласының қырсырымен танысуға мүмкіндігі берілді. Бизнес жөнінде білім алуға 24-тен астам адам жұмылдырылды.

Көптеген жастар өз бизнесін ашуға қорқады, қалай ашу керектігін, неден бастау керектігін, қандай қолдау, көмек бар екендігінен хабарсыз болғандықтан. Осы сауалдарға жауапты бизнес-тренингтен алды. Бизнес-жаттықтырушы Ахметжанов

Ботулизм жағдайлары көбінесе үйде консервіленген азық-түліктерді тұтынудан болады. Өнеркәсіпте консервіленетін тағамдардан ботулизм жағдайлары аз болады, өйткені зарарсыздандыру режимі ботулизм спораларының өлуін қамтамасыз етеді. Консервілерді үй жағдайларында термиялық өңдеуден жеткіліксіз өткізу және банкілерді дұрыс герметизацияламау жиі ауруға алып барады.

Үй жағдайында консервілеу кезіндегі негізгі алдын алу шаралары болып мыналар табылады:

консервілемес бұрын шикізаттың алғашқы өңдеуден дұрыс өткізілуін қамтамасыз ету (көкөністер мен ұрықтарын мұқият жуып-шаю);

консервілеу үшін тек балғын жеміс-жидектер мен көкөністерді пайдалану керек.

өңделген көкөністер, ұрықтары және басқа да шикізаттар салынатын банкілерді мұқият өңдеуден өткізу.

зарарсыздандыру кезеңінен бұрын азық-түліктерді ыстық сумен немесе бумен қысқа уақыт өңдеп алу, бұлай істеу микроорганизм санының азаюына себептеседі.

консервілеудің барлық кезеңінде жеке гигиена ережелерін сақтау; ет пен балықты үй жағдайында консервілеуден бас тарту;

құрамында табиғи қышқылы жоқ көкөністерді (қияр, жасыл асбұршақ және т.б.), тек қана рецепті бойынша консервілеу керек, бұлай істеу кездейсоқ түсіп кеткен споралардың дамуына кедергі болады;

базарлардан үйде консервіленген азық-түліктерді сатып алмаған жөн.

Осы ережелерді міндетті түрде сақтауға кенес береміз.

Осы қарапайым ережелердің барлығы Сізге, туыскандарыңыз бен жақындарыңызға деннің саулығын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

А. ШАРИПОВА,
Аршалы аудандық
тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
басқармасының жетекші
маманы.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сұрағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және /немесе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «сенім телефонына» хабарласа аласыз: **8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.**

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады	РЕДАКТОР М.А. АЖЫҚАНОВА.	Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.	Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс № 1 Индекс: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.
--	-----------------------------	--	---

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.